

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy/.
2. *Elliot Aronson* «The social animal».
3. *David Myers* «Social psychology».
4. *Белинская Е.П., Тихомандрицкая О.А.* Социальная психология личности. – М.: Аспект Пресс, 2001.
5. *Зимбардо Ф., Ляйне М.* Социальное влияние. СПб.: Питер. 2001. – 316 с.

Багтов Т., Жақсылық Ә., академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, педагогикалық факультет, БОПЖӘ-41 тобының студенттері
(*Ғылыми жетекші – п.ғ.к., доцент Шаяхметова М.Н.*)

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНДАҒЫ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

Қазіргі заманда оқушыға сапалы білім беру үшін мұғалімнің өзінің педагогикалық білімі, іс-тәжірибесі жоғары деңгейде болу керек екені дау тудырмайтын жағдай. Адам баласының ғылым мен мәдениет әлеміне енуінің сара жолы – білім. Әлемдегі білім беру саласында өзгерістер өте көп. Бүгінгі күнде азаматтардың сауаттылық деңгейін көтеру және экономикалық даму жолындағы адамдардың экономикалық критериелерге жауап беруіне деген мақсатында білім саласында тың идеялы жүйелер пайда болып жатыр. Қазақстан Республикасында орта білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы - заманауи ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама. Елімізде білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр.

Бүгінгі күні барлық елдер жоғары сапалы білім жүйесімен жұмыс істеуде. Өйткені қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі оның азаматтарының парасаттылығымен анықталады, сондықтан білім беру жүйесі болашақтың талабына сәйкес дамуы тиіс. Оқушыларды заманауи әдіс –тәсілдермен оқытып, ой –өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр. Аталмыш бағдарламаның мәні - баланың функционалды сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімнің өмірінде қажетке асыра білуі керек. Заманауи қоғамның қажеттілігі жоғары азаматына білім беру – әлеуеті жоғары дамыған, ізденімпаз, жаңаша ойлай алатын, өзіндік ұстанымы қалыптасқан, рухы мықты адамды тәрбиелеу. Сондықтан, ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Қай қоғамда болсын жеке тұлғаның қалыптасуы ұстазына байланысты. Өздігінен білім алуға талпынатын, жан-жақты ізденімпаз, алған білімін өмірде қолдана алатын тұлға тәрбиелеу – мұғалімнің міндеті. Ол міндетті жүзеге асыру үшін әрбір мұғалім өзінің кәсіби шеберлігін шыңдау қажет. Жаңартылған бағдарлама негізінде жұмыс істеп жатқан мұғалімдердің жаңаша көзқарасы қалыптасуда. Мұғалімдер оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін шебер қолданып, оқушының ішкі уәжін туғызып, белсенділігін көтере алмаса, берген білім күткен нәтиже бермейді. Ал, оқушының тұлға ретінде қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге асады. Оқушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектенуі керек.

Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты - білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Оқу жетістігін бағалау - бұл білім алушының кері байланыс арқылы білім беру үдерісін реттейтін және түзететін оқу мақсаттарына сәйкес жоспарланған нақты қол жеткізген нәтижесінің дәрежесін белгілейтін үдеріс. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральды қағидатпен берілуі. Бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріске ұшырап, критериалдық бағалау жүйесіне өтуде [1, 8-10].

Білім алушылардың күтілетін оқу нәтижелері жетістігін бағалау жүйесі білім беру мазмұнының ажырамас бір бөлігі болып табылады. Бағалау латын тілінен аударғанда «*жақын отыру*» дегенді білдіреді. Бағалау кезінде біз оқушылармен бірге отырамыз. Біз барлығын солармен және солар үшін жасаймыз. Рәсімдерді оқушыларға тек қолданып қана қоймаймыз (Грин, 1999). Бағалау – бұл оқытуды дамыту мақсатында оқушылардың дәлелдерін жинау үшін қолданатын формальды және формальды емес үдерістер (Блэк және Уильям, 1998). Бағалауды өткізу үшін оқушылардың нені білетіндігін және не істей алатындығын, сонымен қатар олардың қандай қиындықпен кездесуі мүмкін екендігін анықтау қажет. Сыныптағы әдеттегі іс-әрекетті, балалардың өзара әңгімесін тындап,

тапсырманы орындап отырған оқушыларды қадағалау. Оқушының сұрақтарға берген жауаптары бақылануы керек. Бағалайтын тұлға алынған мәліметтердің мәнін анықтай білуі қажет. *Мұғалімнің бағалаудағы ролі*: мұғалім тәлімгер ретінде - кері байланысты және әр оқушыға қолдау көрсетуді қамтамасыз етеді; мұғалім жетекші ретінде - топтағы ағымдағы жұмыс үдерісіне алып жүру үшін диагностикалық ақпарат жинастырушы; мұғалім есепке алу маманы ретінде - оқушылардың өсуі мен жетістіктері туралы жазу; мұғалім баяндамашы ретінде - оқушылардың өсуіне қатысты ата-аналарына, оқушыларға және мектеп әкімшілігіне баяндау.

Қазіргі таңда, бұл бағалау жүйесінің артықшылығы, баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылыммен айналысуына ықпалын туғызады. Не үшін бағалаймыз деген сұраққа жауап берсек: оқушының ілгерілеуіне қолдау жасау және оқу мен оқыту үдерісін жетілдіру барысында мұғалімдер мен оқушыларға көмек көрсету.

- Оқушы қалай оқиды және оны қалай жақсы оқытуға болады?
- Оқушының жақсы жағы қандай және оны қалай дамытуға болады?
- Оқушы қандай қиындықтарға кездесті және оны қалай жеңуге болады?

Джеймс және Педдер (2006) оқуды бағалау туралы кең таралған ойлардың жиынтығын үш фактормен сипаттап айтып берді:

- Оқудың айқындығы
- Өз бетінше оқудың алға жылжуы
- Нәтижелілікке бағытталу.

Сонымен қоса, оқу материалының маңызын анықтау, ол туралы өзіндік пікір келтіру, ойын білдіру. Мұнда шәкірттің пайымдаулары нақты критерийлерге негізделуі керек:

- ішкі – құрылымдық, логикалық тұрғыдан;
- сыртқы – алдына қойылған мақсаттарға сәйкестігі тұрғысынан.

Жаңартылған орта білім беруді енгізу кезінде білім алушылардың оқу жетістігін критериалды бағалау жүйесі қолданылады. Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенеді. Критериалды бағалау жүйесі әлемнің Филиппин, Сингапур, Жапония, Франция, Финляндия сынды дамыған елдерде пайдаланылады.

Критериалды бағалауды енгізу арқылы, мектептегі білім сапасын көтеруге қол жеткіземіз. Критериалды бағалауда сонымен қоса барлық мұғалімдер үшін оқушылардың сабақта және үйде орындалған бүкіл жұмысын бағалау жалпы пайдаланылатын практика болып табылады. Бұл бағалаудың көбінесе жұмыстың істелгеніне, таныстырылым немесе дұрыс жазу ережесі бойынша түсініктемелердің берілгеніне ғана баса назар аударылатынын, ал нақты критерийлерге қатысты немесе оқушыларға белгісіз критерийлердің негізінде көбінесе бағаланбайтынын білдіреді. Критериалды бағалау мұғалім, оқушы және ата-ана үшін де өте тиімді. Себебі, мұғалім дескриптор негізінде оқушы жұмысын бағаласа, оқушы алдын-ала ұсынылған бағалау шкаласы арқылы, өзін бағалауға мүмкіндік алады және бағалаудың әділдігі мен айқындығына көз жеткізеді. Ал, ата-ана баласының білім алудағы табыстылығын байқауға, күтілетін нәтижеге қай деңгейде қол жеткізгенін көре алады [2, 348].

Критериалды бағалау жүйесі бұрынғы дәстүрлі бағалауға қарағанда қалыптастырушы және жиынтық бағалау болып ерекшеленеді.

Қалыптастырушы бағалау (формативтік бағалау) белгілі бір сызбалар арқылы оқу үдерісінің тиімділігі мен дұрыс бағытын анықтап, мұғалім көмегімен оқушылардың оқудағы мұқтаждықтарын анықтауға және алдағы қадамдарын жоспарлауға мүмкіндік беретін оқудағы жетістіктерін ұғынуға және бақылауға мүмкіндік беретін бағалау түрі. 1989 – 1999 жылдардағы Бағалау Реформасының Тобы (Assessment Reform Group) зерттеу тобы еңбегінің жариялануы нәтижесінде пайда болды. Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқыту мен оқу үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады және тоқсан бойы жүйелі түрде жүргізіледі. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүргізіле отырып, оқушылар мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және балл не, баға қоймастан оқу үдерісін түзетіп отыруға мүмкіндік береді. Қалыптастырушы бағалау – күнделікті сабақта қолданылатын, білім мен дағдыны меңгеру деңгейін анықтайтын бағалау. Қалыптастырушы бағалау білім беру үдерісінде мұғалім мен оқушы арасындағы өзара тығыз байланысты жүзеге асырады, оқушыға жаңа материалды меңгеруде тапсырмаларды қаншалықты дұрыс орындағанын білуге және оқытудағы мақсаттар мен міндеттерді орындауға мүмкіндік туғызады. Бағалау барысында мұғалім оқу жоспарына сәйкес бағалау критерийлерін анық жазады; бағалау критерийлеріне сәйкес тапсырмалар құрастырады; тапсырмаға дескриптор құрастырады; оқушыларға тиімді кері байланыс береді; оқыту мен бағалау үдерісіне түзету енгізеді. Сонымен қатар, материалды оқу барысында тапсырманы қаншалықты дұрыс орындағаны жөнінде оқушылар ақпарат алады; оқушының ілгерілеуі

жөнінде мұғалім ақпарат алып, оқыту үдерісіне өзгерістер енгізе алады. Оқушының рөлі оқытуға белсене қатысады, күтілетін нәтижені түсінеді, өзін-өзі бағалайды, бірін-бірі бағалайды.

ҚБ қағидаттары:

- оқытудың бір бөлігі («оқыту үшін бағалау»);
- барлық оқу мақсаттары қамтылады (оқу мақсаттары барлық сыныптарда пәндер бойынша оқу жоспарларында нақтыланып белгіленген);

- бағалау белгіленбейді;

- оқу мақсаттарына жеткендігі бағалау критерийлеріне сәйкес жүзеге асады;

- әр оқушының ілгерілеуі туралы кері байланыс беріледі;

- ҚБ нәтижелері оқыту сапасын, оқу бағдарламасын жақсарту үшін қолданылады [3, 396].

Сонымен, қалыптастырушы бағалауда білім алушыларға жаңа материалды меңгеру кезеңінде тапсырманы қаншалықты дұрыс орындағанын және оқыту мақсаттарына қол жеткізгенін түсінуге мүмкіндік беретін бағалау.

Ал, жиынтық бағалау оқу бағдарламасының бөлімдерін (ортақ тақырыптарын және белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы, орта білім деңгейі) аяқтаған оқушының үлгерімі туралы ақпарат алу мақсатында балл және баға қою арқылы өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау барлық пәндер бойынша қолданылады.

Оқу үдерісін жақсарту үшін, кері байланыс ненің жақсы істелгенін және нені жақсарту қажеттігін анықтауы, сондай-ақ жақсарту үдерісін қалай жүргізу керектігі туралы нұсқаулық беруі тиіс. Оқушылардың түсініктемелерге ілесуіне қажетті мүмкіндіктер жалпы оқу үдерісінің бір бөлігі ретінде жоспарлануы тиіс. Тиімді болуы үшін, кері байланыс ойлау үдерісін тудыруы және оқуды іске асыруы тиіс. Оқушылар жасаған барлық жұмысқа баға бермес бұрын, мұғалімдер белгілі бір жұмысқа баса назар аударуды және бағалау критерийлерімен бөлісуді шешеді. Жетілдіру міндеті сұрақ немесе оқушылардың өздігімен орындауына арналған шағын тапсырма түрінде қойылуы тиіс.

Мұғалімдерге кері байланыс беру ережесі



Қалыптастырушы бағалау (күнделікті мадақтау, видео, слайд, т.б.). Қалыптастырушы бағалау өткізу формасы: жеке, жұппен, топпен, ауысатын топтар құрамында. Мұнда мұғалім мен оқушының өзіндік рөлі қалыптасқан. Мұғалім рөлі: оқу жоспарына сәйкес бағалау критерийлерін анық жазады; бағалау критерийлеріне сәйкес тапсырмалар құрастырады; тапсырмаға дескриптор құрастырады; оқушыларға тиімді кері байланыс береді; оқыту мен бағалау үдерісіне түзету енгізеді. Ал, оқушылардың немесе оқушының рөлі: оқытуға белсене қатысады; күтілетін нәтижені түсінеді; өзін-өзі бағалайды; бірін-бірі бағалайды. Жиынтық бағалау (бөлім бойынша жиынтық бағалау, тоқсандық жиынтық бағалау, білім беру деңгейі бойынша жиынтық бағалау). Тоқсандық жиынтық бағалауды өткізу. Тоқсандық бағалау жұмыстарын және балдарды қою кестесін әзірлеу бір параллельдегі барлық сыныптар үшін біркелкі Тест спецификациясы (ТС) негізінде жүзеге асырылады. Тест спецификация тапсырмаларды бағалаудың мазмұны мен форматынан, сондай-ақ, тапсырмалардың негізгі мазмұнының сипаттамасынан тұрады. Тоқсандық жиынтық жұмыстар әр түрлі болуы мүмкін (тест, сынақтар, бақылау жұмысы және т.б.). Тоқсандық жиынтық бағалауды өткізу кестесі мектеп директорының бұйрығымен бекітіліп, тоқсан басында ата-аналар мен оқушылардың назарына жеткізіледі. Тоқсандық жиынтық жұмыс бір параллель үшін бірдей жағдайда өткізіледі. Тоқсандық жиынтық бағалауды қайтадан орындауға (көшіруге) болмайды. Егер оқушы тоқсандық жиынтық бағалауға белгілі бір себептермен қатыса алмаған жағдайда (ауырып қалуы, жақын туысқанының қайтыс болуы, конференцияға, олимпиадаға және басқа да ғылыми жарыстарға қатысқан жағдайда), пән бойынша орындай алмаған тоқсандық жиынтық жұмысын мектепке келгеннен кейінгі екі апта

ішінде орындауы тиіс; бұл жағдайда тоқсандық ішкі жиынтық бағалау жұмысының қосымша нұсқасы қолданылады. Тоқсандық жиынтық бағалаудың спецификациясы мазмұнын, құрылымын анықтайтын келесі ақпараттардан тұрады:

- тоқсандық жиынтық бағалаудың мақсаты;
- тоқсандық жиынтық бағалауға шолу;
- жиынтық жұмыстардың ұзақтығы;
- бағалау құрылымы;
- тапсырмалар саны;
- тапсырмалар бойынша балдарды бөлу;
- тоқсандық жиынтық бағалауды өткізу бойынша нұсқау;
- тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларының үлгілері;
- тапсырмалардың балл қою кестелері.

Және де айта кететін жайт критериалды бағалау жүйесінде жалпы және белгіленген деген бағалау жүйесі де бар. Жалпы дегеніміз – барлық оқушылар бір стандарттар бойынша бағаланады. Ал, белгіленген дегеніміз – бағалаушылар стандарттың қандай екенін нақты біледі, және ол арқылы бағаланады.

Ал, модерация - бағалаудың бірыңғай стандартын белгілеу үшін оқушылардың жиынтық жұмыстарының нәтижесін талқылау үдерісі. Яғни, бағалауды стандарттау мақсатында оқушылардың жиынтық жұмыстарының нәтижесін мұғалімдердің талқылауы үшін белгіленген. Модерация: бірдей сыныпта сабақ беретін мұғалімдердің қатысуымен өтеді; олар белгілі бір пән бойынша балл қою кестесін бірыңғай қолданудың тәсілі арқылы жұмысты бастапқы бағалауды талқылайды. Модерация қорытындысы бойынша тоқсандық жиынтық бағалаудың нәтижесі өзгеруі мүмкін. Модерациялау бойынша төраға әдістемелік бірлестіктің жетекшісімен қатар кез келген пән мұғалімі болуы мүмкін.

Модерация бойынша бағалауда мұғалімнің іс-әрекеті:



Білім алушылардың ілгерілеуін қадағалау мақсатында мұғалімдер оқытудың белгілі бір кезеңінде орындалған жұмыстарды сақтауы қажет. Білім алушылардың портфолиясы бағалау нәтижелерінің анықтығы мен дәлдігін арттыруға бағытталған. [4, 124]

Жалпы критериалды бағалауда балалардың сабақ үлгеріміне және үй тапсырмасының орындалуына деген жеңілдіктерді қарастырады. Қазіргі кезде жаңартылған білім беру мазмұны бойынша балаларға үй тапсырмасы жеңіл түрде беріледі немесе берілмей жататын кездері болады. Бұл ата-аналардың жұмыстан кейін келіп балаларының үй тапсырмасын орындауымен басын қатырмайды. Оқушылар жиынтық бағалау арқылы өз бағасы үшін өзі ғана жауапты болады. Оқушылар жиынтық бағалаудың арқасында сол пәннің бағасын жөндеуге деген мүмкіндігі болады.

Зерттеу жұмысымды қорытындылай келе осы жаңартылған білім берудегі критериалды бағалау жүйесін, дәстүрлі білім берудегі бағалаумен салыстыра келе, артықшылықтары мен кемшіліктеріне тоқталғанды жөн көрдік. Критериалды бағалау жүйесінің артықшылықтары:

- Оқушы мен педагогтың өзара әрекеттестігіне негізделеді, яғни оқушылардың коммуникативтік қабілеттері дамытылады
- Тәсілдердің қарапайымдылығы
- Нәтижелерді алудың шапшандылығы
- Компетенттілік тұрғыда оқытуға қатысты бақылау құралдарының жеткіліктілігі
- Оқыту сапасын бағалау квалиметриялық (сандық) тұрғыда негізделеді, яғни оқушының пәндік (пәнаралық) дайындығы сипатындағы өлшенетін айнымалының теңестірілетін сандық эквиваленттер алынады

- Оқыту барысына және оның нәтижесіне әсер ететін қандай да болмасын факторлардың ықпалын айқындауға болады
- Объективтіліктің толық көрініс беруі

Ал, оның кемшіліктер тұсына келер болсақ:

- Компетенттілік тұрғыда оқытуға қатысты бақылау құралдарының жеткіліксіздігі
- Педагогикалық өлшеу элементтерің кейбіреуінің көрініс бергенімен, олар оқушылардың бағаланатын қасиеттерінің сапалы эквиваленттерін сандық өлшеуді емес, оларды бағалауды мақсат етеді, сондықтан мұндай бақылау нәтижелерін бір-бірімен салыстыруға болмайды
- Педагогтар тарапынан субъективизмнің көрініс беруі
- Бағалаудың бірыңғай шкаласы мен критерийлерінің болмауы
- Оқу әрекеті нәтижелерін өзіндік түзету жасауға толық мүмкіндік бермейтіндігі.

Оқушылардың қажеттіліктерін анықтау және қанағаттандыру жаңартылған білім беру бағдарламасының оқу жоспарын әзірлеуде маңызды болып табылады. Бүгінгі заман талабы - жан-жақты дамыған, өзіндік «мені» қалыптасқан тұлға тәрбиелеу. Оқушы тұлға болып қалыптасуы үшін оның бойында түрлі жағдаяттағы проблеманы анықтауға, өзіндік тұжырым жасай білуге, өзіндік бағалауға, сыни ақпараттарды өз бетімен табуға, талдауға, логикалық операцияларды қолдана отырып дәлелдеуге, жалпы алғанда жеке адамның құзыреттіліктері қалыптасуы қажет.

Қорыта айтқанда, критериалды бағалау жүйесін қолдану арқылы біз оқушының тұлғалық бағытын белсенді позицияға бағыттаймыз, тұлғаны өзіндік жауапкершілікке, тұлғалы нәтижеге, бағытқа жеткіземіз, білім алушылардың дайындық деңгейі мен өсу динамикасын кез келген кезеңде анықтаймыз, әртүрлі жұмыстардан алған бағаларды дифференциалдауға қол жеткіземіз. Бүгінгі оқушының білім сапасын критериалды бағалау жүйесі арқылы жетілдіруге болатынына күнделікті оқу үдерісінде қолдануымыздан көз жеткізуге болады.

Сабаққа күнделікті критерий құрып, онымен оқушыларды таныстырып отырсақ, оқушылар өзін-өзі бағалауды үйренеді, сол сияқты өзгені де бағалауды үйренеді. Олар өз білімінің деңгейін сралап, алға ұмтылады, жақсы жетістікке жетуге тырысада. Сондай-ақ мұғалімге деген өкпе-реніш болмайды, себебі өз білімінің әділ бағаланатынына сенімді болады деп ойлаймыз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Айтжанова Р.М, Рымханова А.Р, Тебеннова Қ.С. Педагог мамандарды инклюзивті білім беру жүйесіне даярлау. Қарағанды.2016ж
2. Г.Т Хайруллин, Б.И Муканова, Н.Д Хмель. Педагогика Оқулық. Алматы:Print-S, 2005ж
3. Мұқанова Б.Ы, Төлеубеқовва Р.К. Педагогика. Дәріс курсы. Алматы «Нұрлы әлем», 2003ж
4. Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарына арналған мемлекеттік бағдарламасы.-Алматы,2010ж

Бисембаева С., Карагандинский государственный университет имени академика Е. А. Букетова, факультет физической культуры и спорта, гр. ФКиС-23, студент
(*Научный руководители – к.п.н, доцент Иманбетов А.Н., ст.преподаватель Хасенов Х.Ш.*)

ТРЕНЕР – ОПРЕДЕЛЯЮЩЕЕ ЗВЕНО В СИСТЕМЕ ПОДГОТОВКИ СПОРТСМЕНА

Система подготовки спортсмена рассматривается как процесс направленного использования факторов, обеспечивающих готовность к высоким достижениям. Результат ее функционирования интерпретируется в самом широком смысле. Центральной фигурой является тренер.

Он обеспечивает тренировочный процесс, оценивает ситуацию и только ему предоставлено право выбора воспитательных и тренирующих средств, т.е. тренер непосредственно осуществляет управление подготовки спортсмена. Для эффективного решения поставленных задач он должен обладать определенными психолого-педагогическими качествами. Изучением профессиограммы тренеры занялись совсем недавно. Имеющиеся результаты исследования с использованием различных методик позволяют акцентировать внимание на ведущих личностных и психофизиологических элементах профессиограммы [1].

Тренер обязан быть политически грамотным и морально устойчивым. Кроме того, педагогу необходимо овладеть глубокими профессиональными знаниями, умениями и навыками. Он постоянно обязан искать пути к самосовершенствованию. Для эффективного управления подготовкой